**ХАТТАМА**

**Күні: 06.01.2022**

**Директор жанындағы дөңгелек үстел**

Төрайым - Г.С.Байбекова
Хатшы – Н.А.Абдыгалыкова
Қатысқандар: 36 адам (тізімі қоса беріліп отыр)

**Кіріспе бөлік**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. «Сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы» дөңгелек үстел бөбекжай қызметкерлерімен

2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары»
   Жауапты: Әдіскер: Г.С.Байбекова

**Негізгі бөлік**

**1.ТЫҢДАЛДЫ:**

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:**

Меңгеруші К.Б.Жакишева ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылдық, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданып, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығыменен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол – Президентіміз Қасымжомарт Тоқаев Кемелұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. «Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын,болашағына кесірін тигізетін індет».Қ.К.Тоқаевтың

алға тартқан міндет жергілікті жерлердегі құзырлы органдармен қоғамдық ұйымдар жұмысының темірқазығына айналып отыр. Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыстықпен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы күрес туралы» , «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Құрметті қызметкерлер әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап,мақсаты нәтижелерге жету үшін,өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысыңдар деп өз сөзін аяқтады.

**2.ТЫҢДАЛДЫ:**

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:**

Әдіскер Г.С.Байбекова сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесімен таныстырып өтті

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
-сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
-сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
-Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;
-сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
-қаржылық бақылауды;
-сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
-мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
-кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;
-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;
-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;
-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды.Сондай-ақ өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының әр жүйесіне тоқталып түсініктеме беріп өтті.

**3.ТЫҢДАЛДЫ:**

**Әр педагог білуі тиіс:**

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.

Кәсіподақ төрайымы Г.С.Байбекованың бүгінгі тақырып негізінде, сөзімді **Жемқорлықсыз қоғам-нұрлы болашақ кепілі** деп қорытындылады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын;

   Жауапты: Әдіскер<br>Г.С.Байбекова

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы дөңгелек үстелдер жиі ұйымдастырылсын;

   Жауапты: Кәсіподақ төрайымы<br>Г.С.Байбекова

Төраға Г.С.Байбекова

Хатшы Н.А.Абдыгалыкова